

АЙМАҚ АҚШАМЫ

№3 (116) ЖҰМА

31 қаңтар 2025

САЯСИ-ҚОҒАМДЫҚ, ТАНЫМДЫҚ-САРАПТАМАЛЫҚ, АҚПАРАТТЫҚ-ЖАРНАМАЛЫҚ ГАЗЕТ



НАҚТЫ НӘТИЖЕ БОЛМАЙ ДАМУ ДА БОЛМАЙДЫ

28 қаңтарда ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен Үкіметтің кеңейтілген отырысы өтті. Жиын барысында Премьер-министр О. Бектенов еліміздің 2024 жылғы әлеуметтік-экономикалық даму қорытындысын баяндап, алдағы кезеңде атқарылар негізгі міндеттерге тоқталды. Жиынға Үкімет мүшелері, Ұлттық банк төрағасы, облыстар мен Астана, Алматы, Шымкент қалаларының әкімдері, орталық мемлекеттік органдар мен ұлттық компаниялардың жетекшілері қатысты.

Президент Үкіметтің алдына жаңа міндеттер қойды. Нақты сегіз бағыт бойынша жүктелген тапсырмалар қаншалықты ауқымды болғанмен, орындалуы тиіс. Өйткені, Президент экономикалық өсіп болғанмен, оның қарқыны көңілден шықпайтыны туралы бекер ескерту жасаған жоқ.

Ірі инфрақұрылым жобалары, цифрландыру және жасанды интеллект, ядролық энергетиканы дамыту, агроөнеркәсіп кешенін нығайту және инвестиция тарту мәселелері қалай жүзеге асырылады, оны орындауға жауаптылардың жұмысы да соған қарап бағаланатын болады. Демек, Үкімет пен жергілікті атқару билік үшін сын сағаты басталды.

Ел Президенті тапсырмалардың мүлтіксіз орындалуы нақты нәтижелерден көріну керектігін айтты. Өйткені, нақты нәтиже болмаса, даму да болмайды.

Абдолла ДАСТАНОВ

• ҰЛЫ ЖЕҢІСКЕ – 80 ЖЫЛ!

ҚҰРМЕТТІ ҰЛЫТАУ ОБЛЫСЫНЫҢ ТҰРҒЫНДАРЫ!

Ұлытау облысының тарихи – археологиялық музейі Ұлы Жеңістің 80 жылдығы аясында «Есімдері – мәңгілік» айдарында Ұлы Отан соғысына қатысқан туған- туыстарының ерліктері мен асыл қасиеттері туралы музейлік бейнетаспаға естелік айтып, маңызды құжаттары мен жеке заттарын музей қорына өткізетін облыс тұрғындарын музейге шақырамыз!

Сіздерді 2025 жылғы ақпан айынан бастап әр сейсенбі, сәрсенбі күндері сағат 15:00- 18:00- де Алашахан көшесі 22- де орналасқан Ұлытау облысының тарихи-археологиялық музейінде күтеміз!!!

тел: 8(7102) 73-77-52

Сотовый тел: 8777-051-04-84; 8771-527-75-26; 8777-045-24-43

УВАЖАЕМЫЕ ЖИТЕЛИ ОБЛАСТИ ҰЛЫТАУ!

Историко-археологический музей области Ұлытау в рамках празднования 80- летия Победы в Великой Отечественной войне приглашает принять участие в музейном проекте «Их имена навечно», на котором можно поделиться воспоминаниями родных и близких о войне, а также передать в фонды музея документы, письма и фотографии, свидетельствующие о героях и их подвигах.

Ждем Вас каждый вторник и среду начиная с февраля 2025 годас 15:00 до18:00 ч.по адресу ул. Алашахана, 22 в историко- археологическом музее области Ұлытау!!!

тел: 8(7102) 73-77-52

Сотовый тел: 8777-051-04-84; 8771-527-75-26; 8777-045-24-43

► ӘКІМ БОЛ, ХАЛҚЫҢА ЖАҚЫН БОЛ!

ЖӨНДЕЛМЕЙТІН ШАРУА БОЛМАЙДЫ

Жақында №3 – мектепте қала әкімі Мұрат Бөрібаев тұрғындармен кездесті. Кездесуге негізінен қаланың ескі аумағында орналасқан үйлердің тұрғындары қатысты. Бұл қала әкімінің «Ашық алаң» жобасы аясындағы екінші кездесуі болды. Осы форматтағы жүздесудің қала басшылығы мен тұрғындар арасында емен – жарқын, бүкпесіз ашық пікір алмасуға мүмкіндігі зор жоба екені байқалып келеді.



Қала басшысы істелген жұмысты да, алдағы жоспарды да ортаға салды.

Мәселелер баршылық. Бұл басшылыққа да белгілі. Ал, барлық мәселені бір сәтте түзеп тастау ешкімнің де қолынан келмейді. Бірақ...

–Қандай күрделі мәселе болса да, оның да жолын табуға болады. Сайып келгенде жөнделмейтін шаруа болмайды. Дегенмен, мүмкіндікті де ескеру керек. Қаржы бар ма? Мердігер жұмыстарын ойдағыдай атқара ала ма? Сонымен қатар, істелген шаруаны бүлдіріп кететін «бүлікшілер» де болмай қалмайды. Мұндайда тұрғындар тарапынан да қырағылық, жанашырлық керек –деген қала әкімінің сөзі тұрғындар тарапынан қолдау тапты.

Шынында да, қаланы көркейту мақсатында істеліп жатқан жұмыстар аз емес. Кейде сапасы сыр беріп қалатын жәйттер де кездеседі. Сондай-ақ, әп-әдемі нәрселерді бұзақылардың сындырып, бүлдіріп кететіні де жасырын емес.

Биылғы жылы тұрғындардың бос уақытында серуен құрып, демалыстарын оңды өткізуіне қолайлы жағдай туғызу мақсатында бірнеше аллея салынатын болады. Жолдар да жөнделеді.

Кездесуден соң әкім кейбір тұрғындарды олардың өтініштері бойынша жеке қабылдады.

(Өз тілшімізден)

«ЖАС САҚШЫ» СЫНЫБЫ АШЫЛДЫ

№16 -мектебінде облыстық полиция департаментінің және қалалық білім бөлімінің ұйымдастыруымен салтанатты жағдайда «Жас сақшы» сыныбы ашылды.



Полиция сыныбын құру- ҚР Ішкі істер министрлігінің жастардың бойында отансүйгіштік пен Отанға деген сүйіспеншілікті тәрбиелеуге, құқық бұзушылықтардың алдын алуға көмектесуге, сондай-ақ оқушыларды мамандық таңдауда қолдауға бағытталған маңызды жобасы болып табылады.

Жоба аясында оқушылар ішкі істер органдарының қызметін реттейтін заңнаманың, нормативтік құқықтық актілердің негіздерімен танысады. Болашақта бұл оларға кәсіби бағдар беруге көмектесіп, бүгінгі оқушылар ертеңгі полиция қызметкерлерінің қатарын толықтыру да әбден мүмкін.

Іс-шараға қала әкімі Мұрат Бөрібаев, облыстық ПД басшысы Қайыркен Әлиев, білім бөлімінің өкілдері, ата-аналар мен оқушылар қатысты.

Жас полицейлер арнайы киім киіп, салтанатты жағдайда Отанына адал болуға ант берді.

С. КЕМЕЛОВА.

БІЛІМ МЕКЕМЕЛЕРІ ЖАҢАРТЫЛАДЫ

Ұлытау облысының әкімі Дастан Рыспеков қанаттас қос қаладағы білім беру мекемелерін аралап, жағдайларымен жан-жақты танысты. Олардың материалдық-техникалық базасы мен жабдықтарын жаңартуға қатысты ұжым басшылығы тарапынан айтылған ұсыныстарын тыңдап, тиісті шешім қабылданатынын жеткізді.

Атап айтқанда, облыс басшысы Жезқазғандағы №8 мектеп-гимназиясында, №3 «Білім-Инновация» лицей-интернатында, Жоғары политехникалық, Жезқазған технологиялық және сервис колледждерінде, №26 гимназиясында, «Тамаша» балабақшасында, балалар өнер мектебінде болды. Бұл нысандардың жағдайын саралап көрген Дастан Адайұлы тозығы жетіп, күрделі жөндеу көрмеген білім ошақтарының бірқатарын жаңарту жұмыстары биыл қолға алынатындығын жеткізді. Жаңа жиһаздармен және материалдық құрал-жабдықтармен жабдықтау кезең-кезеңімен жүзеге асырылады. Колледжде қосымша коммерциялық білім беру ісін ойластырып, қажетті техникалық жабдықтардың тізімін жасау және

арнайы оқулықтар алу жөніндегі ұсынысын білдірді. Сонымен қатар, өнер мектебіне жапсарлас салынатын қосымша ғимарат пен жөндеу жұмыстарының жобалық эскизін дайындауды тапсырды.

Бұдан соң өңір басшысы Сәтбаев қаласындағы Абай атындағы №4 мектеп-лицейінде, Қ.Сәтбаев атындағы №9 жалпы білім беретін мектебінде, «Балдырған» балабақшасында, индустриалдық колледжде болды. Облыс басшысы өңір кәсіпкерлерін балабақша салу ісіне жұмылдырудың маңыздылығын алға тартып, бақшаға тізілген балалардың кезегін жекеменшік бөбекжайлар ашу арқылы шешуге болатындығын атап айтты.

Нығман РАХЫМ

► ТАҒЗЫМ

ӨШПЕЙТІН ӨНЕГЕЛІ ӨМІР

Демберген Баймағанбетовтің есімі біздің өлкеде білмейтін жан болмауға тиісті. Өйткені, еңбекпен есейген ол ақыл –парасаты мол ерекше жан еді. Қашан көрсең еңсесін тік ұстайтын. Ол бар саналы ғұмырын кен өндірісіне арнады. Бақытын еңбектен тапты. Социалистік Еңбек Ері атанды.



Ол дүниеден өткелі де бес жылдың жүзі ауыпты. Бірақ, таулар алыстаған сайын биіктей түседі. Демберген аға сағынышқа айналған сайын оның рухына деген құрмет те тасқындай түсетін тәрізді. Соның бір мсалы қалалық Достық Үйінде өткен Д.Баймағанбетовті еске алуға арналған кеш.

Бұл кешке негізінен қалалық архив ұжымының ұйытқы болғанын айта кету абзал. Өйткені, Дінберген Баймағанбетовтің жеке тектік қоры қалалық мемлекеттік архивтің ұйытқы болуымен Д.Баймағанбетовтің жеке тектік қоры ұйымдастырылып, салтанатты түрде ашылды.

Салтанатқа Демберген ағаның көзін көргендер, ізбасарлары мен ұрпақтары қатысты. Әдемі естеліктер ортаға салынды. Арнайы ұйымдастырылған көрмені тамашалағандар мол мағлұматқа ие болды. Өткен күннің сырларын шерткен фотосуреттер көзге сондай ыстық көрініп, жан-жүректі тебірентіп жіберді.

Өкелері бастаған кеншілік жолды қазір балалары, немерелері жалғастырып келеді. Олардың жалпы кеншілік өтілдері 250 жылға жақындап қалыпты. Керемет емес пе? Өшпейтін өнегелі өмір осылай жалғасып кете бермек..

А. АЯН



**ЖҰМЫСШЫ
МАМАНДЫҚТАРЫНЫҢ
ЖЫЛЫ**

«АДАЛ ЕҢБЕК – АДАЛ ТАБЫС»

Қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің бастамасымен ел Президентінің 2025 жылды «Жұмысшы мамандықтар жылы» деп жариялауына байланысты Б.Бұлқышев атындағы кітапханада «Адал еңбек – адал табыс» деген тақыппен иәдемі бір іс-шара болып өтті.



Аталған іс-шараға елге еңбегі сіңген аға буын өкілдері шақырылды.

Сәтбаев қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы Қанат Төлеш іс-шараны ашу барысында сөз сөйлеп, еңбек адамын құрметтеу, қадірлеу және т.б. ойларын ортаға салды.

«Биылғы жылды «Жұмысшы мамандықтар жылы» деп жариялаған Қасым-Жомарт Тоқаев жұмысшы мамандарды ынталандыру үшін кәсіби білім беруді дамыту, еңбек нарығын жүйелеу қажетігін атап көрсетті. Сондай-ақ, еңбек мәдениетін қалыптастырып, жұмысшының беделін арттыру, жастарды еңбекке баулу, олардың қабілетін жан-жақты дамытуға мүмкіндік жасауымыз керектігіне де баса назар аударды. Президент қоғамда жастардың еңбекеке құлшынысы артып келе жатқанын, тек қана оларға нақты қамқорлық таныта білу, дұрыс бағдар беру жағының кемшін соғып жататына қынжылыс та білдірді. Биылғы жылы бұл бағыттағы кемшіліктер түзетіліп, оң істер одан әрі қанатын жая түсуге тиісті. Сондықтан да, аға буын өкілдерінің еңбек тәжірибесін кейінгі жастарға насихаттай білуіміз де керек. Бүгінгі іс-шараның басты мақсатыда осы – деді ол.

Кеш қонақтарының бірі – Мұса Тілеуов. Ол нағыз еңбекпен есейген кісі. Еңбекке тым ерте араласты. Жазың аптабында, қыстың аясында қой соңында жүрді. Шопанның тірлігі белгілі, тәулік бойы тыным таппайсың.

«Бірақ, содан жаман болғаным жоқ. Еңбек шынықтырды, шындады. Заманға сай білім алуға ұмтылды. Қандай жаңалық бар соны игеруге

ұмтылды. Сөйтіп жүріп фото өнерін меңгеріп алдым. Ол кезде түсірген суретіңді шығарудың өзі оңай емес. Қазір екіншісі – фотограф, әркімнің қолында ұялы телефоны бар, шетінен шыртылдатып суретке түсіре береді ғой. Сол фото өнерін игеру арқылы Жезді аудандық газетіне фототілші болып қабылдандым. Мұны айтып тұрғаным жастар көп ізденіске барып, жалықпау керек. Бірақ, қай істі қолға алса да соның бүге-шүгесіне шейін түсініп, меңгеруге ұмтылғаны жөн – деген ойын ортаға салған Мүсекеңнің сөзіне не алып-қосуға болады? Әрине, бәрі де өте дұрыс. Өзі де сол беріле еткен еңбектің арқасында елге қадірлі, құрметті азаматқа айналды. Ол көптеген жылдар бойы «Қазақмыс» корпорациясының Батыс және Оңтүстік Жезқазған кеніштерінде бөлім бастығы, кеніш кәсіподағы ұйымының төрағасы қызметтерін атқарды. Төккен тер, еткен еңбек оны тамаша марапаттардың иесі атандырды.

«Мен үшін Сәтбаев қаласының Құрметті азаматы атану – өте жоғары мәртебе. Өйткені, бұл Қаныш ағамыздың есімін иеленген қаланың маған деген зор құрметі деп бағалаймын – дейді Мүсекеңнің өзі.

Қай жерде қандай жұмыста жүрсе де Мүсекең табиғи таланты - ақындық қабілетін де жетілдіріп отыруды ұмытпады. Қазір ол бірнеше жыр жинақтарының авторы, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі. Біз кеш қонақтарының бірін ғана сөз етіп отырмыз. Ал, олардың әрқайсысы бір-бір мақаланың кейіпкері болуға әбден лайық.

Аягөз АЯН

«ҚОЛДАУ БОЛСА, ҚҰЛШЫНЫС ТА АРТАДЫ»

Сәтбаев индустриялық колледжінде білікті мамандар, өз ісінің шеберлері көп. Солардың арасында Гүлмира Шәкірқызы Құрманбаева ерекшеленіп тұрады. Неге? Өйткені, ол кісі колледж асханасында аспаз болып еңбек етеді. Оның қолынан шыққан тағамдардың дәмі тіл үйіреді. Ал, өзі қандай керемет жан десеңізші! Қашан көрсеңіз де емен-жарқын жүретін жанды аз-кем сырласпаққа сөзге тартқан едік.

– Сіздің жұмыс күніңіз тым ерте басталатын шығар, өйткені, таңертеңгі тамақты әзірлеп қою керек қой.

– Дұрыс аңғарыпсың. Мен күнде таңертең сағат 5-те тұрамын. Бір жұтым су іше саламын, үйде тамақтанып отырмаймын. Сағат 6-да колледж асханасына келемін. Сол сәттен бастап жұмыстың қарбаласы басталады. Өйткені, сағат 10-ға дейін бірінші және екінші тамақ, салаттарды, арасында бөліш, тоқаштарды дайындап үлгеру керек.

– Мамандығыңыз үлкен жауапкершілікті талап ете ме?

– Әрине. Әсіресе, сапалы әрі дәмді тағам дайындау – біздің негізгі міндетіміз. Бірақ жалғыз өзім емес, көмекші жұмыскерлер бар. Олар маған азық-түлікті дайындап, асхананың тазалығын сақтауға көмектеседі. Бұл менің жұмысымды жеңілдетеді.

– Аспаздықтың қиын тұстары бар ма?

– Әр жұмыстың өз қиындығы бар. Бірақ жұмысыңды махаббатпен істесең, бәрі жеңілдейді. Мен тағам әзірлеу арқылы адамдарға қуаныш сыйлаймын деп ойлаймын, өз жұмысымды сүйемін. Студенттер мен мұғалімдер ризашылығын білдіргенде, өзімді өте бақытты сезінемін.

– Үйде де дәмді тағамдар дайындайсыз ба?

– Әрине, «Тағам жағынан пысық келіншекпін» деп айта аламын. Отағасым, қызым және



немерелерім бар. Олардың сүйікті тағамдарын әзірлеу мен үшін үлкен қуаныш.

– Дұрыс тамақтану туралы көзқарасыңыз қандай?

– Міндетті түрде дұрыс тамақтануды қолдаймын. Таңертең бір стакан су ішуден бастаған дұрыс. Сосын таңғы асты ешқашан қалдырмау керек. Тағамдардың құрамында сұйық тағамдар көбірек болғаны жақсы. Етті өнімдерді, балық өнімдерін тұтыну керек екенін, әсіресе ешкі сүті мен еті адам ағзасына өте пайдалы екенін айта кеткім келеді. Бірақ, біз қазақ болғаннан кейін кешке қарай майлы тағамды іздеп тұрамыз. Мұның теріс жағы бар екенінескере бермейміз. Ал, бұл дұрыс емес.

– Президенттің «Жұмысшы мамандықтары жылы» туралы бастамасы сізге қалай әсер етті?

– Бұл бастама мені қатты қуантты. Еңбек адамдарының қадірі артып жатқанына шын жүректен ризамын. Жалақымыз өссе, қолдау болса, еңбекке деген ынта, құлшыныс та арта түседі. Еңбек ақталса, еңбек еткен маман да шабыттанады деп ойлаймын.

– Жүзіңізден нұр, бармағыңыздан бал тама берсін, қолыңыз дерт көрмесін, аман болыңыз!

Айдана
АЛМАСҚЫЗЫ,
қазақ тілі мен
әдебиетінің
мұғалімі.

► ҰЛЫ ЖЕҢІСКЕ – 80 ЖЫЛ



ЖУКОВ КЕШІРІМ СҰРАДЫ

1948 жылы генеральный штаб Вооруженных сил Советской армии организовал стратегические учения по вопросу завоевания Балканских стран. Руководителем большого учения был маршал Советского Союза Васильевский. Посредником от главного командования был маршал Жуков. Командующим фронтом на главном направлении был маршал Советского Союза Баграмян.

Я был назначен командующим 8-ой армии. Эта стратегическая игра происходила на территории южной Украины. В городе Умане меня вызвали в штаб фронта и приказали доложить обстановку, как командующему. На карту были нанесены возможные противники и наши силы. Мне было приказано доложить обстановку об операционном направлении Армии командующим мною. В моей Армии было четыре корпуса. Взяв в руку указку, я докладывал свои соображения. Остановившись на одном из корпусов, я доложил:

– Я думаю, с этим корпусом ничего не выйдет.

Баграмян – лысый, усатый армянин страшно обозлился и самым грубым тоном бросил мне реплику:

– По вашему только Вы думаете, а мы не думаем.

– Товарищ командующий, я докладываю маршалу Советского Союза Васильевскому, – дедім мен.

Баграмян көкпеңбек болып кетіп, тағы бір нәрсе айтайын деп келе жатыр еді, Васильевский өте мәдениетті, ұстамды адам екен:

– Иван Христофорович, потрудитесь молчать, – деп айқайлап тастады.

Содан соң маған қарап:

– Товарищ полковник, продолжайте, – деді.

Мен қанаттанып қалдым.

Сонда Жуков жүр еді, ол осының бәрін естіп тұр. Мына Құли енді не дер екен деп мені сынап жүр. Мен баяндамамды аяқтап, әрқайсына бағамды беріп тұрмын. 3-ші корпусың жағдайына келгенде Жуков мені сүріндіргісі келді. Сөзімді бөліп жіберіп:

– Мұныңыз қалай? – деп тастады маған.

Мен ойланып тұрған нәрсемді бөліп жібергеніне түрім бұзылып кетсе керек. Георгий Константинович Жуков соны

сезе қойды. Ол кісінің бойы менен кішкене бөкене еді. Менің қасыма келіп:

– Ты на меня обиделся? – деді.

– Полковникам на маршалов обижаться не полагается.

Жуков менің иығымнан қағып жіберді:

– Тыфу, твою мать! Ты меня убил, – деді де, – продолжай доклад, – деп докладымды аяғына дейін тыңдады.

Содан кейін Васильевский:

– Доклад полковника обставленный и обоснованный. «Как Вы на это смотрите, Георгий Константинович?» – деп сұрау қойды.

– Я тоже такого-же мнения, товарищ маршал, – деп жауап берді Жуков.

Баграмян көкпеңбек болып кетті. Жуков келіп тағы да мені арқамнан қақты. Айтқан сөзі: «Ты грамотный полковник. Извини меня, пожалуйста за неуместный упрек», – деп менен кешірім сұрады.

– Простите, товарищ маршал, Ваша реплика для меня учеба.

– Тыфу, ты опять меня убил, – деді.

БАУКЕҢНІҢ

РЕДАКЦИЯДАН: БИЫЛ ЖЕҢІС ЖАЛАУЫ ЖЕЛБІРЕГЕЛІ - 80 ЖЫЛ. КЕШЕГІ ҚАНҚҰЙЛЫ СОҒЫСТАН ЗАРДАП ШЕКПЕГЕН ҚАЗАҚ ШАҢЫРАҒЫ ЖОҚ. СОҒЫС ҰЛТЫМЫЗДАН ШЫҚҚАН ЕРЖҮРЕК БАТЫРЛАРДЫ ДА ӘЛЕМГЕ ТАНЫТТЫ. СОЛАРДЫҢ БӘРІНЕН БАУЫРЖАН МОМЫШҰЛЫНЫҢ БӘСІ АРТЫҚ ТҰРАТЫНЫНА ТАЛАСБОЛМАСА КЕРЕК. СОНДЫҚТАН ДА, ОҚЫРМАНДАРЫМЫЗ БАУЫРЖАН МОМЫШҰЛЫНЫҢ ТҰЛҒАСЫН ТАНИ ТҮССІН, БІЛЕ ТҮССІН ДЕГЕН МАҚСАТПЕН, ҒАЛАМТОРДЫҢ МҮМКІНДІКТЕРІН ПАЙДАЛАНЫП, БАУКЕҢ ТУРАЛЫ БІРНЕШЕ ЕСТЕЛІКТЕРДІ ЖАРИЯЛАП ОТЫРМЫЗ.

Кең кабинеттің төрінен орта бойлы тығыншықтай сары жігіт орнынан тұрып, жеңіл қадаммен алдымнан шықты.

Амандастық. «Тақтың» алдындағы столға қарама-қарсы отырдық.

– Бауке, халіңіз қалай? – деген сұрақтан сөзін бастады Председатель. – Денсаулық қалай?

Мен жауап қаттым.

– Онша мақтанарлық емес... – деп бастай бергенімде, ол столдағы бір седеп түймені басты. Помощнигі жетіп келді.

– Немедленно позвоните Ерастову. Чтоб он прекрепил полковника к больнице Совета Министров...

– На Ерастова не жалуюсь...

– Если нужно, пусть его положат в больницу в правительственную палату. Идите.

Помощнигі кетті. Мен не айтарымды білместен, сасқалақтап:

– Благодарю Вас, – деппін.

– Сіз арақ ішесіз бе?

– Ішемін.

«Е, бұ кісі асығып отыр екен ғой» деген оймен тілімді тарттым.

Председатель маған Рахымжан Қошқарбаевтың арызын көрсетті:

– Мен сізбен осы жағынан ақылдасайын деп шақырып едім...

Қағазды оқып шыққан соң:

– Его личное заявление не служит основанием, – дедім.

– Қазақшалап сөйлеңіз.

– Архивтан дәлелдейтұғын материалдар керек. Оларсыз кіліксеңіз, ұялып қалуыңыз мүмкін.

– Мұныңыз өте дұрыс ақыл. Оны қалай табамыз?

– Іздеу керек.

– Сіз іздесеңіз қайтер еді?

– Іздейін.

– Қаражатты мен бергізейін.

– Жоқ. Мен қаражат алмаймын.

– Мұныңыз не?

– Таба алмасам ше?..

– Жоқ. Сіз табасыз. Сіз таппағанда, кім таппақ оны?

– Мен іздестірейін. Тапсам дұрыс, таппасам – мойыныма ешқандай міндеттеме алғым келмейді...

– Келістік. Сіз іздестіресіз, сіз табасыз.

– Жарайды. Бірақ та мен ақшадан аулақпын.

– Жарайды. Ал енді сіз туралы да көп хаттар бар. Сізді неге Герой Советского Союза емес деп жазады менің атыма...

– Это компетенция правительства.

– Мен үкімет бастығымын...

– Вы всего лишь Председатель Президиума Верховного Совета Республики...

– Я заместитель Ворошилова...

– Оны білемін.

– Сіз менің атыма арыз, өмірбаяныңызды толық етіп жазыңыз. Барлық көрсеткен ерліктеріңізді жазыңыз. Мен ол мәселені Ворошиловтың алдында көтеремін...

– Жоқ. Мен еш нәрсе жазбаймын. Мен туралы жазылғандар аз емес.

– Онда соларды қарастыралық. Оларды қайдан табуға болады?

– Мен ол жағын білмеймін.

Тағы біраз сөйлестік.

ШАШТАРАЗ

Ғабиттің Жазушылар одағына бастық кезі. Шаруам болып кабинетіне кіріп барсам, Ғабекең долданып, алдындағы консультантына ұрсып тұр екен. Кірірімді кірсем де, шығарымды білместен дағдарып қалдым.

ЖҰМАБЕК ТӘШЕНОВПЕН
КЕЗДЕСУ

Телефон сыңғыр ете қалды. Тұтқаны көтердім.

– Жолдас Тәшенов сізді сағат 12-де қабылдамақ...

Жоғарғы Совет Президиумының председатели Жұмабек Тәшеновті естігенім болмаса, көрген кісім емес.

Верховный Советке бардым. Тап мені күтіп отырғандай-ақ помощнигі ізетпен алдымнан шығып, кезексіз тіктен-тіке Председательдің бөлмесіне кіргізді.

– Сізге пиво да ішуге болмайды. Темекі тартасыз ба?

– Тартамын.

– Көп тартасыз ба?

– Көп тартамын.

– Оныңызды қойыңыз. Сіз бізге өте керек адамсыз. Не істеп жүрсіз?


– Жазып жүрмін.

– Не жазып жүрсіз?

– Көрген-білгендер мен өткен-кеткендер. Менің темаларым...

– Ол өте дұрыс екен. Ол да бізге өте керек, – деп бастырмалатып сөзімді аяқтатпады.

ЕСТЕЛІКТЕРІ



– Бар! – деп консультантына дауыстады да, маған назары түсіп: – Е, жоғары шық, отыр, – деді.

Мен отырдым. Ғабит үн қатпай, қанын ішіне тартып біраз отырды.

– Ақсақал, бір болар-болмас шаруамен келіп едім. Бүгін ашулы екенсіз. Айтпай-ақ қояйын. Тағы да бір сәті түсіп жадырап отырғаныңызда келермін...

– Жоқ. Отыр... Ашуланып отырғаным рас. Қалай ашуланбассың. Мен жақында шет елге жүрмекпін... Біз Қазақстанда жиырма миллион гектар тың жыртыппыз... Осы қазақтан жиырма-отыз озат механизатор-тыңгердің тізімін бер деп тапсырсам, жаңағы құр қол келіп отыр... Бұған қалай ашуланбайсың, өзің айтшы?

– Оның несіне ашуланасыз? Одан басқа да қолдағы мағлұмат бар емес пе?

– Қандай?

– Біздің қазақта отыз мың милиционер, жиырма министр бар екені өтірік пе? Соны ғана айтсаңыз болып жатыр ғой...

– Ей, сен де оңбағанның біреуі екенсің ғой, – деді Ғабит тағы да ашуланып, кейіннен барып күлді. – Иә, милиционерлер мен министрлеріміздің көп екені рас... К сожалению, у нас две крайности, середину мы не знаем... У нас нет электромонтеров, часовых мастеров, поваров, портных, парикмахеров, – деп күрсінді.

Арада бір ай өтті.

Мен жең-жағасы оқалы генеральный штабтың мундирін киіп Фурманов көшесіндегі шаштаразға бардым. Кезегімді күтіп алдыңғы бөлмеде отырмын.

– Следующий!

Залға еніп, бос креслоға отырдым.

– Не істелік, жолдас полковник? – деді иық жағымнан біреу. Бұрылып қарасам: үстінде ақ халаты бар, орта бойлы, тәмпіш мұрынды, кірпік шешен түксиген қою қара шашты қазақ жігіті екен.

«Астапыралла! Елуге келгенде қазақтан бірінші шаштараз көріп отырмын!» деп ішімнен таң қалдым.

– Желкем мен самай шашымды реттегін, қарағым, – дедім.

– Қазір, ағасы, – деп мастер мойынымды сейсеппен орап, іске кірісе бастады.

Өте пысық, қолы қолына тиер емес... Машинкені тастап қайшымен тегістей бастады...

– Жолдас полковник, сізге сұрақ берсем айыпқа бұйырмайсыз ба?

– Сұрағын, қарағым.

– Сіз Мәлік Ғабдуллинді білесіз бе?

– Білемін. Майданда бірге болғанбыз.

– Талғат Бигелдиновті білесіз бе?

– Білемін. Бірақ ол жігітпен аса таныс емеспін.

– Мен жақында станцияға бір апамды шығарғалы барып едім. Перронда бір қазақ морякті көріп қасына барсам, әлгінің формасы морской болғанмен, погоны интендантский екен... Мен алдымен «ойпырмай, біздің қазақтан да капитан первого ранга бар екен-ау!» деп ішімнен қуанып әдейі қасына барып едім...

Мен күлдім де:

– Мүмкін бар да шығар. Алматыда теңіз жоқ қой, – дедім.

– Жолдас полковник, қазақтан генерал бар ма?

– Бар. Жексенбаев деген генерал бар.

– Ол кісі әлгі технический войсканың генералы ғой. Ал әскерді шын басқарған строевой, настоящий генерал бар ма?



– Генералдың бәрі генерал ғой, қарағым...

– Жоқ, жолдас полковник. Мен әскерде болғанмын. Генерал мен генералдың айырмасын түсінемін.

– Оның дұрыс екен, – деп тағы да күлдім.

Қайшысын жалаңдатып шашымды алып жатқан жігіт:

– Тағы сізге бір сұрақ, – деді.

– Сұрағын.

– Әлгі Бауыржан Момышұлы дейтін Отан соғысында ерлік көрсетіп, әскер тобын бастап, командир полка, командир дивизия болған екен, бірақ та өзі мінезі жаман, құдай атқан ненормальный кісі екен. Сол мінезінен бастықтарға жақпай көп нәрседен құр қалыпты... Егер де сол оңбағандығы болмаса, ол кісіге батыр атағын да, генерал атағын да бермек екен, бірақ өркөкірек, оңбаған мінезі бәрін

бүлдіріпті. Жолдас полковник, сіз Бауыржан Момышұлын білесіз бе?..

Мен не айтарымды білместен біраз үн қатпадым.

– Ол кісінің қайда екенін білесіз бе? Меніңше, сол кісі сіздің алдыңызда отыруы керек, – дегенімде, шаштараз жігіт шошынып, артқа қарай ыршып түсті.

– Ағатай... ағатай, сізбісіз? Кешіріңіз!

Қайта жақындады. Мен күлдім. Ол сасқалақтап, қайшысын сумаңдатып самай шашымды ала бастады. Түріне қарасам шып-шып терлеп кетіпті.

– Сен мені ненормальный қазақ дедің ғой.

– Жоқ! Құдай сақтасын.

– Сен де ненормальный қазақсың.

– Неге?

– Нормальный қазақ должен быть или милиционером или министром, а ты – парикмахер, – дегенімнің әзілі екенін түсініп, күліп:

– Ақсақал, шаш алып, сақал-мұртты басатын да біреу керек шығар, – деді ол.

– Кемітіп айтып отырғаным жоқ.

Қуанып айтып отырмын, шырағым.

– Түсіндім, ағасы.

– Рақмет, қарағым, – деп қоштастым.

(Момышұлы Б. Көз алдымда бәріңсің. Естеліктер мен күнделіктер. – Тараз, 2007)

ӨКІНІШ

Бірде мәскеулік «Знамя» журналының тілшілері Куба революциясының көшбасшысы Фидель Кастро-дан сұхбат алып отырып, Совет еліндегі қандай даңқты батырларды білесіз деп сұрапты. Ол біраз ойланып, Василий Чапаев пен Бауыржан Момышұлының аттарын атайды.

Журналистер айтпай ма:

– Бауыржан Момышұлы тірі адам ғой!

– Қалай?! Сапта жүрген кісі ме?!

– Әлбетте. Ол – запастағы офицер. Бірақ қатардан қалған жоқ. Қазір Қазақстанда Әдебиет майданы деп аталатын салада қызмет етеді.

– Солай ма?! Момышұлының еңбектері біздің әскери училищелерде оқытылады. Мысалы, қоршауды бұзып шығу тактикасына байланысты «Бауыржан спиралі» деген бар...

Сөйтсе, Бостандық аралының серкесі Бауыржан Момышұлы туралы «Волоколамскі тас жолы» кітабын қайталап оқып, тамсанады екен. Батырды жауынгерліктің идеалы санап, аталған шығарманы Куба сарбаздарының ең қажетті әскери жабдықтары қатарына кіргізу жөнінде бұйрық шығарыпты.

Қысқасы, тірі адам екенін білген соң, жаны қалмай, Бауыржанды мәртебелі мейман ретінде дереу Кубаға қонаққа шақырады. Бұл – 1963 жылдың қыркүйек айында болған оқиға.

Сол сәт Баукең жас Олжас Сүлейменовті алдырып, жағдай осылай, екеуміз Кубаға бірге барып қайтайық, «адъютантым» бол деп ұсыныс жасаған.

Сонда, батыр, бір жағынан, ақын інісіне мұң шаққандай болып, толқи отырып:

– Көрдің бе, мені өз Отаным керек қылмайды. Бас штаб маманы, Әскери Академияның орденді профессоры, гвардия полковнигі Бауыржан Момышұлын алады да саптан лақтырып тастайды. Мен – жоғары білімді әскери адаммын. Өлі де кемі, он бес жылдай қызмет ете алар едім. Иә, тәуір зейнетақы берді. 300 сом тақияға тар келмейді. Бірақ ең топас түрде бұйырды: көйкеңе жайғас та, тыпыр етпей, төбеге түкіріп жата бер деді. Қалай ойлайсың, төбеге түкіру үшін үш жүз сом жете ме? Білікті офицер үшін жаман ермек емес қой, ә! СССР азаматы және адал офицер ретінде бұл жағдай арыма қатты тиеді, намысым тапталады. Осылай, бауырым. Ал айдаладағы кубалықтар мені пір тұтып, аспанға шығарады, – депті.

– Сол сапарға қуана-қуана барар едім, бірақ ыңғайы келмеді, – деді бертініректе ақын бір әңгімесінде. – Сирияға билет алып қойып, ұшқалы отырғанмын. Батыр Кубаға жалғыз аттанды...

Бостандық аралының жетекшілері қазақ сарбазын хан көтере құрметтейді. Оны Куба дивизиясы 51-ші полкінің құрметті командирі етіп тағайындайды. «Кубаның революциялық Үкіметі мен Әскери күштерінің атынан зор ризашылықпен әйгілі совет полковнигі Бауыржан Момышұлына!» деп Рауль Кастро қол қойып, Куба көсемі, ұлттық қаһарман Хосе Мартидің портретін сыйлайды.

Кейін Олжас Куба газеттерінің бірінші бетіндегі Бауыржан ағасының: «Куба еліне Қазақстаннан жалынды сәлем!» деп саңқылдап, ұшақ трапынан түсіп келе жатқан немесе оның әскери парадты қабылдаған кезі бейнеленген көптеген суреттерді көріп, батыр туралы испан тілінде жазылған мақалаларды оқи отырып:

– Өттең, Қазақ халқының шырқау биікке көтерілген осы бір керемет сәттеріне куә бола алмағаным-ай! – деп қатты өкінгенін айтады.

(Мұқаш Қ. Ақ алмас. Бауыржан Момышұлы. Өнегелі өмір, – Алматы: Қазақ университеті. 2016)



ШЕБЕРЛІК – СЫНЫП ТУРНИРИ

Биылғы жылдың 8-17 қаңтарда Сәтбаев индустриалдық колледжінде «Кескіндеме және сәндік жұмыстар» құзыреттілігі бойынша облыстық шеберлік-сынып турнирі болып өтті.

Сәтбаев индустриалдық колледжі — Ұлытау облысының білім саласында ең беделді және тарихы терең оқу орындарының бірі болып табылады. Колледждің қазіргі кездегі басты мақсаты — студенттерді жоғары деңгейде білім беріп қана қоймай, өндірістік шеберлік пен шығармашылық қабілеттерін дамытуға мүмкіндік жасау. Сондықтан да, турнирдің ұйымдастырушысы ретінде колледж өз білім беру миссиясын жүзеге асырып, педагогтердың кәсіби деңгейін арттыруға бағытталған ауқымды шараны қолға алды. Бұл турнирдің басты мақсаты — педагогтер мен өндірістік оқыту шеберлерінің кәсіби шеберлігін көтеру, құрылыс саласындағы озық тәжірибені тарату, сондай-ақ, инновациялық білім беру әдістерін енгізу болды.

Шеберлік-сынып турнирінің қорытынды кезеңі Ұлытау облысының білім басқармасы, Ұлытау облысының әдістемелік орталығы және Сәтбаев индустриалдық колледжі тарапынан ұйымдастырылды. Бұл іс-шараға облыс көлеміндегі бірнеше колледждер қатысып, өзара тәжірибе алмасып, шеберліктерін сынады.

Турнирдің негізгі міндеттері: педагогтердың теориялық және практикалық даярлығын анықтау; жаңа білім беру технологиялары мен әдістерін енгізу; шығармашылық белсенділікті ынталандыру болды десек, бұл мақсат өз дегеніне жетті деп ойлаймын. Өйткені, турнирге Ұлытау облысының білім басқармасының аудандық және қалалық колледждерінің оқытушылары мен өндірістік оқыту шеберлері қатысып, өздерінің жоғары деңгейдегі кәсіби дағдыларын көрсетті.

Турнир үш күнге созылды және әр күнге арнайы тапсырмалар мен практикалық жұмыстар бөлінді. Атап айтқанда, алғашқы кезең сыртқы қабырғаларды қағазбен қаптау; есік пен молдингі дайындауға арналса, екінші кезең фресканы жылдамдыққа салу; беткі безендіру, текстураларды имитациялаумен ерешеленді. Ал үшінші кезеңде есік пен молдингі бояу мен фресканың «Фри-стайл» түрі қарастырылды.

Әрбір кезең шеберлерге өздерінің кәсіби біліктіліктерін көрсетуге, шеберлік деңгейлерін сынап көруге мүмкіндік берді. Қатысушылар тапсырмаларды орындау барысында тек техникалық орындаушылық қана емес, шығарма-

шылық мүмкіндіктерін де көрсетті.

Турнирдің әділ өтуін қамтамасыз ету үшін арнайы қазылар алқасы құрылды. Қазылар алқасының құрамында Жезқазған жоғары политехникалық колледжінің оқу өндірістік ісі жөніндегі орынбасары — Ж.Оразбеков, Сәтбаев индустриалдық колледжінің өндірістік оқыту шебері — Г.Сәрсенова, Сәтбаев индустриалдық колледжінің әлеуметтік серіктесі С. Дүйсембеков болды.

Қазылар алқасы шабыт пен шеберлікті бағалауда аса мұқият болды. Олар қауіпсіздік талаптарының сақталуын, тапсырмалардың дұрыс орындалуын және шығармашылық идеялардың жаңашылдығын ескере отырып, үздік жұмыстарды таңдады.

Турнирдің қорытындысы бойынша, жеңімпаздарға дипломдар мен бағалы сыйлықтар табыс етілді.

I орын — Сәтбаев индустриалдық колледжінің өндірістік оқыту шебері Баязиева Зайра Тулеубаевнаға,

II орын — Сәтбаев индустриалдық колледжінің өндірістік оқыту шебері Абишова Алмагул Мухамедановнаға,

III орын — Жезқазған жоғары политехникалық колледжінің арнайы пән

оқытушылары Жолдыбаева Айнаш Рахимовна мен Беккалиева Айгерим Алматбековнаға берілді.

Турнир жеңімпаздарын құттықтау салтанатында Ұлытау облысының әдістемелік орталығының маманы Н.Куржиков пен Сәтбаев индустриалдық колледжінің директоры Г.Абсалыкова сөз сөйлеп, шеберлердің жетістіктеріне жоғары бағаларын берді.

«Кескіндеме және сәндік жұмыстар» құзыреттілігі бойынша облыстық шеберлік-сынып турнирі өз мақсатын толық жүзеге асырып, қатысушыларға тәжірибе алмасуға және шығармашылық тұрғыда дамуға мүмкіндік берді. Мұндай шаралар Сәтбаев индустриалдық колледжінің педагогикалық ұжымы мен студенттерін үнемі жаңа жетістіктерге жетелеуде. Колледж ұжымы осындай білім беру шараларын ұйымдастыру арқылы тек кәсіби мамандарды ғана емес, сонымен қатар, шығармашылықпен жұмыс істей алатын, жаңа идеялар мен инновацияларға ашық мамандарды даярлау жолында белсенді қадамдар жасауда.

Осылайша, Сәтбаев индустриалдық колледжіндегі шеберлік-сынып турнирі колледждің дамуына үлкен үлес қосып, кәсіби білім беру саласындағы маңызды қадамдардың бірі болды.

Айнұр МЕЙІРМАНОВА,
Сәтбаев индустриалдық
колледжінің әдіскері

СОСТОЯЛИСЬ ПУБЛИЧНЫЕ СЛУШАНИЯ

23 января 2025 года в актовом зале ТОО «Сатпаевское предприятие тепловодоснабжения», состоялись публичные слушания, на которых рассматривался «Отчет о возможных воздействиях на окружающую среду к проекту «Реконструкция канализационных очистных сооружений в городе Сатпаеве области Ұлытау», под председательством заместителя акима г. Сатпаев Сыздыманова А.С. В слушаниях приняли участие Департамент экологии области Ұлытау, ГУ «Отдел ЖКХ, ПТ и АД г.Сатпаев», ТОО «Аква-РЕМ», ТОО «Проектсервис», директор ТОО СПТВС Токимбаев Е.А. и ведущие специалисты предприятия, жители города Сатпаев.

С отчетом выступила инженер-эколог ТОО «Проектсервис» Карсанова Л.М. Отчет о возможных воздействиях при реконструкции и эксплуатации КОС в г. Сатпаев включал в себя следующую информацию: характеристику физико-географических и климатических условий территории участка; основные технико-экономические

данные проекта; данные о количестве выбросов, сбросов, отходов проектируемого производства; анализ результатов расчета выбросов загрязняющих веществ в атмосферу, сбросов сточных вод и складирования отходов; расчет выбросов вредных веществ и расчет рассеивания загрязняющих веществ в атмосфере; комплекс мероприятий по умень-

шению воздействия на окружающую природную среду.

В ходе обсуждения директор ТОО СПТВС Токимбаев Е.А. задал вопрос: «На нашем предприятии нет собственного полигона для отходов от технологического процесса на очистных сооружениях. Куда сможет ТОО СПТВС утилизировать данные отходы?» Главный инженер ТОО «Аква-Рем»

Ахметова Л. ответила, что все отходы технологического процесса КОС будут соответствовать неопасному классу отходов и подлежать утилизации на полигоне ТБО г. Сатпаев.

Заместитель акима г. Сатпаев Сыздыманов А.С. отметил, что в перспективе планируется построить современный полигон для городов Жезказган и Сатпаев.


По итогам слушаний составлен Протокол общественных слушаний, с занесением всех замечаний и предложений по проектным материалам, с которым каждый сможет ознакомиться на сайте Управления природных ресурсов и регулирования природопользования области Ұлытау, а также на Экопортале.



ОВЕН. На этой неделе у Овнов на работе могут возникнуть непредвиденные ситуации, требующие немедленного реагирования. В личных отношениях важно проявлять терпение, особенно если любимый человек отличается эмоциональностью. Ваше стремление к лидерству может приводить к недопониманиям, поэтому постарайтесь учитывать мнение окружающих.



ТЕЛЕЦ. Тельцов ожидает неделя, полная позитивных перемен. В начале недели звезды сулят вам крупный финансовый подарок. Это может быть неожиданный выигрыш или повышение зарплаты. Ваши усилия на работе начнут приносить результаты, и коллеги по достоинству оценят ваши старания.



БЛИЗНЕЦЫ. Близнецам на этой неделе могут предложить новые возможности для профессионального и карьерного роста. В отношениях с близкими проявляйте внимание: даже маленькие знаки поддержки будут иметь значение. Суббота и воскресенье благоприятны для путешествий или обучения. Тренинги и вебинары принесут много полезных знаний.



РАК. Для Раков неделя пройдет легче, чем ожидалось: многие задачи будут решаться быстрее. В профессиональной сфере обращайте внимание на мелочи – детали могут сыграть ключевую роль. Небольшие недоразумения в личных отношениях легко разрешатся через открытый диалог. Воскресенье благоприятно для общения с людьми из прошлого.



ЛЕВ. Для Вас наступает время проявить свои сильные стороны, особенно в профессиональной сфере. Ваши идеи будут услышаны, если вы правильно их преподнесете. В личной жизни будет гармония, если удастся сбалансировать работу и отдых. К концу недели появится шанс значительно улучшить свое финансовое положение.




ДЕВА. Девам неделя принесет необходимость принимать важные решения. Будьте внимательны к деталям на работе – это поможет избежать ошибок. В личной жизни все будет спокойно, но если остались нерешенные вопросы, обсудите их с партнером. Не заикливайтесь на мелочах, чтобы не упустить важные возможности.




ВЕСЫ. Вам предстоит много общения, которое будет полезно как в личных, так и в профессиональных делах. Рабочие задачи потребуют больше времени и организованности. Также придется вплотную заняться финансовыми вопросами, особенно если они связаны с долгосрочными инвестициями. Возможны мелкие недоразумения с близкими, но терпение поможет их разрешить.



СКОРПИОНЫ. Для Вас эта неделя станет временем высокого энергетического потенциала, что позволит справиться с отложенными делами. На работе возможны новые проекты, но для их успеха придется приложить много усилий. Взаимоотношения с коллегами могут потребовать выдержки в случае возникновения разногласий.



СТРЕЛЕЦ. Вам стоит сосредоточиться на финансовых вопросах. Появятся перспективы для выгодных вложений или улучшения материального положения. В личных отношениях важно избегать конфликтов, проявляя осторожность. Воскресенье идеально подходит для новых начинаний, связанных с творчеством и саморазвитием.



КОЗЕРОГ. Вам предстоит активно заниматься карьерными вопросами. Возможны предложения, которые поспособствуют вашему профессиональному росту. В отношениях с близкими проявляйте мудрость и терпение, чтобы избежать недопониманий. Обратите внимание на здоровье: стресс может сказаться на самочувствии.



ВОДОЛЕЙ. Для Вас наступает удачное время для реализации своих идей. Деловая активность и лидерские качества помогут вам добиться успеха, если вы учтете мнение окружающих. В личной жизни проявляйте осторожность, чтобы избежать ненужных разногласий. Конец недели станет отличным моментом для начала новых проектов.



РЫБАМ стоит сосредоточиться на завершении старых дел, чтобы освободить место для новых начинаний. На работе могут возникать трудности, но терпение и интуиция помогут справиться с ними. В личных отношениях будьте более открытыми и честными, чтобы избежать недоразумений.

СКАНВОРД

Название еврейской Библии	«Лицо солдата»	Зреет на бахче	Рыбное блюдо	В Библии - дьявол, царь ада, враг Божий	В какой игре ходят искать?
Квадрат наперекосья	Сладкие зимние яблоки	Разговор двух людей	Тонкое различие в чем-либо	Земельная мера, равная 4047 кв.м	Река в Африке, самая длинная в мире
Белок мышечных волокон	Барабанщик из рок-группы	Выступ боковой стены на фасаде	Легенда бокса	Древнеримская весовая единица	Город - «морские ворота» Колымы
Незаполненное место в тексте	Горбатый заяц с Амазонки	Поршневое чувство меры	Бывшая Месопотамия	Птица обитающая в горах Азии	Оконная занавеска
Спасательный «бублик» на корабле	Необходимая принадлежность	Земледельческое орудие	Божья функция Немезиды		
Устаревшее название письменного доноса	Торговое название чёрного коралла				
Короткое волокно					

Анекдоты, анекдоты...



В чате МИФИ написали прекрасное поздравление:

«Пусть в новом году у Вас и у всех Ваших родных и близких всё будет нормально (Гаусс).

Пусть новый год будет относительно неплохим (Эйнштейн).

Вращайтесь! Двигайтесь! (Коперник).

Но не забывайте о сопротивлении (Ом).

Будьте активны и подвижны (Броун).

Но не перегревайтесь (Карно).

Чтобы мир вокруг был многоцветным (Дальтон).

Взрывного настроения в Новом Году! (Нобель)

Тепла вам и побольше (Джоуль, Бойль, Мариотт).

И чтобы все проблемы были видны насквозь! (Рентген).

Притягивайтесь друг к другу и сближайтесь (Ньютон).

И всем желаю светиться от счастья (Склодовская-Кюри).

А ещё...

Пусть в Новом году из любой ненависти рождается любовь (Бор).

Будьте одновременно там, где деньги и там, где Вы счастливы (Шрёдингер).

Правильно мешайте градусы (Менделеев).

И не забывайте, что именно Вы теоретик своего счастья, а не какой-то Тамм (Ландау).»

Папа и сын наряжают елку. Сын спрашивает у папы: — Папа, а почему ты конфеты так высоко на елку вешаешь? Папа отвечает: — Это, чтобы ты до Нового года все конфеты не скушал. Сын говорит: — Так мне что, до Нового года только дождиком питаться?

Гадала на старый Новый год. Сожгла елку, затопила соседей, ушибла валенком какого-то мужика... Сразу приехали скорая, пожарные и милиция. Теперь сижу и думаю, кто из них суженый.

► МЕРЕЙ

«ҰСТАЗДЫҚ ҒҰМЫРДЫҢ АЛТЫН БЕЛЕСІ»

Қайрат Құлыбекұлы Смайловты біршамадан бері білемін. Нақтырақ айтқанда, қаладағы қазақ мектептерінің қарашаңырағы іспетті №27-мектепте жүрген кезінен. Содан бері де қырық жылға тақап қалыпты.

№16- мектепте «Ұстаздық ғұмырдың алтын белесі» деп аталған кеш өтті. Кеш Қайраттың өміржолына арналды. Басқаны қайдам, мені кештің тақырыбының тауып қойылғаны тәнті етті. Шынында да, өзім білетін Қайрат Құлыбекұлы ұстаздық ғұмырдың алтын белесіне көтерілген азамат. Бұл тек менің ғана пікірім болмаса керек. Өйткені, мұны сол кеш барысында ақжарма тілектерін ақтарған әрбір лебіз иесі нығарлап тұрып айтып та жатты.

Ол өсіп –өнген шаңырақтағы 10 баланың бірі болып дүниеге келді. Өкесі озат жүргізуші болса, анасы Рахила үй шаруасындағы әйел болды, ұл-қыздарының тәлім –тәрбиесімен айналысты. Сол он баланың бәрі де кейін жоғары білімді азаматтарға айналды.

Қайрат оқушы кезінен –ақ, физика, математика пәндеріне алғыр еді. «Осы пәндердің мұғалімі болсам» дейтін. Бірақ, дегенің бола бермейді екен. Мектептен соң мүлдем басқа мамандықтың оқуына түсіп кетті. Дегенмен, ойынан оқушылық арманы шықпады. Ақыры, оқып жүрген оқуынан 1986 жылы Жезқазған педагогикалық институтының физика-математика факультетіне ауысып, аталған оқу орнын 1991 жылы бітіріп шықты. Сосын кеше өзі түлеп ұшқан алтын ұясы -№27-мектепке келіп, ұстаздық жолын бастады. Ол өз ісіне

беріле кірісті. Ізденістен жалықпады. Аға буынның тәжірибесін игеруге ұмтылды. Мектептің барлық шаруасынан тыс қалмады. Сөйте жүріп, оның да мамандығы мұғалім болып табылатын Гүлзирамен бас қосты. Жас маманның тынымсыз еңбегін бағалаған басшылық оны директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары етіп тағайындады. Бұл енді тек ұстаздық біліктілікті ғана емес іскерлікті, ұйымдастырушылық қабылетті де танытатын тұс еді. Қайрат бұл емтиханнан сүрінбеді. Бұған оның арада төрт жыл өткенде, яғни, 2000 жылдың 15 қарашасында жаңадан ашылған №7 - мектепке директор болып тағайындалуы дәлел.

Негізі «жаңадан ашылды» деген аты болмаса, бұл мектептің арнайы ғимараты да болмайтын, ескі жатақхананы мектепке лайықтап, күрделі жөндеуден өткізуге тура келген еді. Қайрат қайрат көрсететін кездің келгенін түсінді. Қандай қиындық кездессе де төзімділік танытты, сөйтіп, жеңіп шықты. Аз уақыттың ішінде мектеп жұмысын жоғары деңгейге жеткізе білді.

2005 жылы қалада жаңа мектептің құрылысы басталды. Дұрысын айтқанда, Кеңес заманында құрылысы тоқтап қалған мектептің құрылысына қайтадан жан бітті. Сол кездегі қала басшылығы Қайрат Смайловты болашақ



мектептің құрылысына өзі аралассын, көзімен көріп, қолымен атқарсын деген болу керек, әлі пайдалануға беріле қоймаған №16- мектептің директоры етіп тағайындады. Содан ол сол мектепке 2023 жылдың 15 тамызына дейін басшылық жасады. Осы жылдар ішінде мектептің материалдық-техникалық базасы нығайды, педагогикалық ұжым қалыптасты, ата-ана, оқушылармен бірлескен жұмысты ұйымдастыру жолға қойылды, мектеп қаладағы алдыңғы оқу ордаларының біріне айналды.

Ешкім оған «орныңызды босатыңыз» деген жоқ. Керісінше, білім бөлімінің басшылығы өтінішіне үш-төрт ай бойы

қол қоймады. Ал, сонда неге ол жылы орнын өз еркімен босатты екен?!

-Маған қарындастарымның бірі «Аға, жасыңыз болса ұлғайды. Осы кезге шейін «мектептің шаруасы» деп дұрыстап демалғаныңызды да көрген емеспіз. Ендігі жерде денсаулығыңызды күтініз –дген әрі өтініш әрі талап қойды. Қайрат қарындасының сөзін құп көрді. Қазір ол №16- мектепте қарапайым ғана мұғалім.

Басшылықтан кеткенмен, беделінен айрылған жоқ. Абыройы асқақтай түспесе төмендемеді. Бұған кешке қандай –қандай қонақтардың келгені, олардың айтқан ақжарма тілектері куә. Бірі кезінде өзіне ұстаз болса, енді бірі қатарласа еңбек етті. Тек білім саласында ғана емес... Өйткені, Қайрат Құлыбекұлы қоғамдық –саяси өмірдің де белортасында жүрді ғой. «Нұр Отан» партиясы қалалық филиалы төрағасының орынбасары, қалалық мәслихат депутаты болды. Айтпақшы, оның ресми марапаттарын да айта кеткеннің артығы болмас. Қазақстан Республикасы Президенті Алғыс хаты, Қазақстан Республикасының Білім және Ғылым министрінің Құрмет грамотасы, «Орта білім беру ісінің үздігі» Құрмет дипломы, бұларға қоса облыс, қала әкімдерінің, білім басқармаларының Құрмет грамоталары бейнелі тілмен айтқанда, бір сандық болып қалады.

2013 жылы ол кеудесіне Қазақстан Республикасының Білім және Ғылым министрінің «Білім беру ісінің Құрметті қызметкері» белгісін тақты. 2022 жылы ел Президентінің Жарлығымен оған «Ерен еңбегі үшін» медалі табысталды. Ал, 2023 жылы «Сәтбаев қаласына 50 жыл» мерекелік медалімен марапатталды.

Кеш барысында қанша тілек айтылса да соның бәрі:

-Ел үшін еңбек еттің, аянбадың,
Сол жолдың бар бақытын
баяндадың.
Жарқырап ұлыңыз – жұлдызыңыз,
Алпысқа аппақ Айдай аялдадың.

Аңқылдап қуана бер, ақтарылып,
Басыңа жарқырасын бақ та күліп.
Әке болдың асқар тау – тұғырыңда,
Ата бол, алпыс жаста атқа мініп.

Немерең топтан озып,
бәйге алғанда,
Шөберең аспандағы айды алғанда.
Тағы да дүркіретіп той жасармыз,
Өзіңіз абыз шалға айналғанда» –
деген ортақ арнаға тоғысты. Ұстаздық ғұмырдың алтын белесіне көтерілген азаматқа абызға айналуың не қиындығы бар дейсіз?!

Абдолла НҰРТАУҰЛЫ.



Саяси-қоғамдық, танымдық-сараптамалық, ақпараттық-жарнамалық газет

АЙМАҚ АҚШАМЫ

Газет 2016 жылғы 18 қазанда ҚР Ақпарат және коммуникация Министрлігінде тіркеліп, №16179-г куәлігі берілген. 2021 жылғы 29 қазанда ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта есепке қойылған.

Меншік иесі: «ЖК «Дастанов»

Бас редактор: Абдолла ДАСТАНОВ

Тираж 520 Заказ 161

Газет «ASU» Баспа Үйі ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр Медиа» ЖШС баспаханасында, Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4-үй, басылды. Газет тоқсанына 1 реттен кем шықпайды.

Редакцияның мекенжайы:
Ұлытау облысы, Сәтбаев қаласы, Құсайынов көшесі, 8
E-mail: abdolla61@mail.ru

Индекс – 64799

Газеттің басылу сапасына баспахана жауапты.
Жарнама, хабарландырулардың нақтылығына оларды берушілер жауапты.
Мақала авторларының көзқарасы редакция ұстанымымен сәйкес келе бермеуі мүмкін.